

түсімдер; субъектінің акцияларын алу немесе сатып алу үшін иегерлерге ақшалай төлемдер;

қаржылық жалға алу жөніндегі өтелмеген берешекті азайту үшін жалға берушінің ақшалай түсімдері. Субъект операциялық қызметтен алынатын ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы мыналарды пайдаланып есеп береді:

1) тікелей әдіс, онда жалпы ақшалай түсімдер мен төлемдердің негізгі түрлері туралы ақпарат ашылады;

2) жанама әдіс, онда пайда немесе залал монетарлық емес операциялардың, кейінге қалдырылған немесе есептелген, өткен немесе болашақтағы ақшалай түсімдердің немесе операциялық қызметтен алынатын төлемдердің және инвестициялық, қаржылық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттың қозғалысына байланысты кірістердің немесе шығыстардың баптарының нәтижесінде түзетіледі. Әдіс операциялық қызмет тұрғысынан қолма-қол ақша ағымының қозғалысын, ал тікелей әдіс инвестициялық және қаржы қызметі тұрғысынан ақша ағымының қозғалысын қадағалауға мүмкіндік береді. Жанама әдістің негізгі кемшілігі - ақшалай емес мақалалар мазмұнына және айналым капиталындағы өзгерістер туралы ақпараттың үлкен көлемін жинауды қажет етуінде. Осы ақпаратты алу үшін шоттар бойынша айналымдарды талдау қажет болады, алайда бұл компания есептемесіне кірмейді [3].

Тікелей әдісті пайдаланатын ұйым «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» деген ХҚЕС (IAS) 7 ережелерін қолдануға тиіс. Бұл әдістің келесідей артықшылықтары бар: осы әдіспен құрылған есеп қаражаттың көбею және азаю бағыттарының негізгі көздерін көрсетеді; әр түрлі ағымдағы міндеттемелер бойынша төлемдер үшін қаражаттың болуына қатысты жедел қорытынды жасауға мүмкіндік береді; ақша түсімдерін бюджеттің төлемдеріне тікелей байланыстыру; есепті кезеңде ақша-кредит және кірістер жүзеге асыру арасындағы қарым-қатынастарды көрсетеді. Ал бұл әдістің кемшілігі, ол пайда мен залал, ақша қозғалысы туралы ақпарат пен есептеме арасындағы қарым-қатынасты ашып көрсетпейді. Сонымен қатар, ірі компаниялар өте көп ақшалай аударымдарды жүзеге асыру себебінен арнайы бағдарламалық қамтамасыз етілмеген жағдайда, әр бір төлемді қолмен жасауға тура келеді.

Қорытындылай келе, ақша ағынын талдаудың тура тәсілі дебетке әсер ететін барлық шот корреспонденцияларын сәйкестендіруді анықтайды. Жанама әдіс баланстың баптарын және қаржылық нәтижелердің есебін, ақшалай қаражаттардың қозғалысымен байланысты операциялар есебін және таза кірісті жүйелі түзетуді талдауда негізденген. Дұрыс жасалынған қолма-қол ақша қозғалысы туралы есеп ақша ағындарын басқару үшін бухгалтерлік есеп және аналитикалық бағдарламалық шешімдердің сапасын жақсарту негізінде кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейін арттырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Оксана Озерская. Қаржы стратегиясы. 2011 жылдың 21-ші наурызында тексерілген. 2012 жылдың 28-ші қаңтарынан мұрағатта орналасқан.
2. Оксана Озерская. ХҚЕС 7 «Ақша қаражаттары қозғалысының есебі» //www.banksifrs.ru бойынша оқу құралы. 2012ж. ақпан айынан мұрағатта орналасқан.
3. Watanabe, Izumi. Пайдаэволюциясы. XVIII-XIX ғасырлардағы есеп, Британия 57, Экономикалық Осака Университеті, 2007. -р.27-30. -(5). -2000д. - ISBN 978-5-904522- 50-6

Балдан Б.Б., 3 курс (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ)
Ғылыми жетекші – PhD, қауымдастырылған профессор Ламбекова А.Н.

ІШКІ АУДИТ ЖҮЙЕСІНІҢ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТЕГІ БҰРМАЛАУ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АЛДЫН АЛУ РӨЛІ

Түйіндеме: Қарастырып отырған мақалада қазіргі қоғамдағы қатаң бәсекелестік жағдайында қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мен табысқа жетудің басты құралы – ішкі аудит жүйесі туралы сөз қозғалады. Мақсаты: ішкі аудит жүйесінің ұйымның шаруашылық есебінің дұрыс ұйымдастырылуын тұрақтандыруға ықпал ететін тәуекелге бағытталған ішкі аудиттің рөлін зерттеу.

Кілт сөздер: ішкі аудит, тәуекел, бухгалтерлік есеп

Ұлттық экономиканың қазіргі жағдайында корпоративтік басқару жүйесіндегі ішкі аудиттің рөлі туралы мәселе өзекті бола түсуде. Экономикалық дамыған елдерде ішкі аудит мәселелеріне

көп көңіл бөлінеді, өйткені ішкі аудит ұйымның сәтті жұмыс істеу механизміндегі негізгі элементтердің бірі ретінде қарастырылады.

Елбасы «Қазақстан-2050» атты стратегиясында әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру туралы өз жолдауында атап өткендей, Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында, өркенді де өршіл дамып келе жатқан қоғамның іргетасы тек қана осы заманғы, бәсекеге қабілетті және ашық нарық экономикасы бар елде ғана қалана алады. Осыған байланысты мемлекетті дамыту процесінде бухгалтерлік есепке, қаржылық есеп беру мен аудит жүйесін сәйкесінше дамыту ерекше өзектілікке айналған, өйткені бухгалтерлік есептің, қаржылық есептіліктің және аудиттің мақсаты басқару шешімдерін қабылдау үшін мүдделі пайдаланушыларды экономикалық шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

Экономикалық әдебиеттерде ішкі аудит ұғымын отандық және шетелдік зерттеушілер әр түрлі түсіндіреді.

Мәселен, Ресейде Халықаралық аудитпен байланысты алғашқы жұмыстардың бірін ұсынған ағылшын ғалымы Р.Додж ішкі аудит туралы түсінік береді. Ол «ішкі аудит басқарушылық бақылаудың ажырамас бөлігі болып табылады; фирманың басқару органдарының шешімімен экономикалық қызметті бақылау және талдау мақсатында жүзеге асырылады» деп санайды.

Американдық ғалымдар Э. Аренс пен Дж. Лоббек, «Ішкі аудит-бұл бизнестің тиімді жұмыс істеуіне қатысты шешімдер қабылдау үшін әкімшілікті құнды ақпаратпен қамтамасыз ету құралы» [1].

Ішкі аудиторлардың әлемдегі ең ірі кәсіби қауымдастық болып табылатын АҚШ-тың ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors) ішкі аудитке келесідей анықтама береді: ішкі аудит - бұл ұйымдағы (кәсіпорындағы) оның жұмысын өзінің мүддесі үшін тексеру және бағалау жөніндегі тәуелсіз қызмет. Ішкі аудит ұйымға тәуекелдерді басқару, бақылау, корпоративтік басқару үрдістерінің тиімділігін бағалау мен арттыруға жүйелендірілген тәсілді пайдалана отырып, қойылған мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі. Ең алдымен, ішкі аудиттің жұмысы ішкі бақылауды бағалауға бағытталған [2].

Ішкі бақылау – бұл басшылық, директорлар кеңесі және ұйымның басқа тұлғалары қол жеткізу үшін жүзеге асыратын процесс:

- операциялардың тиімділігі;
- қаржылық есептіліктің дұрыстығы;
- заңдарды ұстану.

Алайда, қазіргі уақытта осы процесстерді жүргізуде көптеген кәсіпорын ішкі аудит жүйесін қолданбайды немесе бухгалтерлерге тапсырып жатады. Ол дегеніміз, ұйымда қаржы-шаруашылық есептегі қателіктерді жасыруға немесе бұрмалауға да алып келеді. Оған бірнеше себепсер етуі мүмкін:

- 1) басшылықтың ішкі аудитордың негізгі мақсатын түсінбеуі;
- 2) елде сертификатталған ішкі аудиторлардың аз болуы;
- 3) бухгалтерлердің ішкі аудиторларға тексеру барысында дәлелдемелерді жинауға арналған барлық құжаттармен қамтамасыз етпеуі.

Бірінші себепке келетін болсақ, ағылшындық ғалым РойДоджтің пікірінше, ішкі аудит басшылықпен ұйымдастырылған бақылаудың бір элементі болып табылады. Оның мақсаты – шаруашылық қызметті басқару, сонымен қоса, қаржылық есептілікті тәуелсіз бақылау болып табылады.

Ал В.Л. Андреев ішкі аудитті басқару қызметінің ішкі бақылау нысаны ретінде кеңінен түсіну қажеттілігіне назар аударған. Ішкі аудит экономикалық субъектінің қаржы-шаруашылық қызметін жан-жақты тексерумен шектелмейді. Сонымен қоса оның шаруашылық қызметін оңтайландыру мен пайданы ұлғайту жөнінде басқару бойынша нақты ұсыныс беруді пайымдаған [3].

Екінші себеп, 2013 жылы «Аудиторлар алқасы» Кәсіби аудиторлық ұйымының бастамасымен ішкі аудиторлар институты (ИАИ) құрып, 1941 жылы құрылған АҚШ-тың ішкі аудиторлар институтына (The Institute of Internal Auditors) мүшелікке кірдік. Яғни, осы жылдан бастап ішкі аудитор сертификациясын алу қолға алына бастады және де ондағы талаптарға еліміздегі кәсіби аудиторлардың сай келмеуі [4].

СІА кәсіби біліктілігін алу үшін компьютерлік тестілеу түрінде 3 емтиханды (ішкі аудит негіздері, ішкі аудит тәжірибесі, ішкі аудит құзыреті салалары) сәтті тапсыру керек, сонымен қатар білім мен жұмыс тәжірибесі бойынша талаптарға сай болу керек Талаптар келесідей:

1) Білім:

- аккредиттелген университетте бакалавр дәрежесі (немесе одан жоғары). Емтиханды қажетті

жұмыс тәжірибесі болмаған кезде де тапсыруға болады (мысалы, университетте оқу кезінде), бірақ жұмыс тәжірибесі расталғаннан кейін ғана сертификатталған ішкі аудитор бола алады

2) Жұмыс тәжірибесі:

- ішкі аудит (немесе баламалы сала) саласындағы ең төменгі жұмыс өтілі кемінде 2 жыл;

- магистр дәрежесінің болуы немесе байланысты қызмет салаларында (мысалы, бухгалтерлік есеп, қаржы немесе құқықтану) мамандығы бойынша жұмыс өтілі 12 айлық кәсіби жұмыс өтілін алмастыра алады;

- жұмыс тәжірибесін растайтын нысанды үміткердің бұрынғы немесе қазіргі басшысы немесе Ішкі аудиторлар институты біліктілігінің біреуі бар адам толтырып, қол қоюы керек[5].

Үшінші себеп, бухгалтерлердің ішкі аудитордың қызметін сыртқы аудитормен байланыстыруы және қандай да бір қателіктің болуынан, зиянынан алшақтауы, ішкі аудит жүйесінің ұйымның мүддесі үшін ішкі шаруашылық қызметті тәуекелге бағыттала отырып жүргізуіне қолайсыздық тудырады.

Ішкі аудиторларды ұйымда дұрыс орналастырмау, олардың тәуелсіздігін бұзу, ұйым басшылығының ішкі аудит міндеттерін түсінбеуі – осының бәрі ішкі аудит қызметінің тиімділігін төмендетеді. Өйткені, ішкі аудиторлардың тәуелсіздігін бұзу тексерулердің дұрыс емес нәтижелеріне және соның салдарынан бизнестің тиімділігі мен тұрақтылығының төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Қорыта айтқанда, жоғарыда аталған проблемаларды шешудің тиімді жолы шаруашылық жүргізуші субъектінің тиімді жұмыс істеуі мен дамуы мәселелерінде маңызды рөл атқарады және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін объективті бағалауға, бухгалтерлік есептің дұрыстығын, толықтығын, шаруашылық қызмет фактілерінің экономикалық орындылығын бағалауға, басшылыққа кеңес беруді жүзеге асыруға, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін объективті бағалауға мүмкіндік беретін ішкі аудит жүйесін құру арқылы қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер

1. Маккаева Р.С. Роль и значение внутреннего аудита в системе управления организацией / Р.С.Маккаева, П.А.Ибрагимова, Ф.Н.Агавердиев // Индустриальная экономика.– 2022. – Т. 2, №3. – С.157-163

2. Международные основы профессиональной практики внутреннего аудита // Международные профессиональные стандарты внутреннего аудита (2016 жылы жаңартылған). www.iaaru.ru. 15.12.2016.

3. Ламбекова А.Н. Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктеріндегі ішкі аудит жүйесін жетілдіру [Текст]: дис..PhD: 6D050800: защищена 06.11.2019: утв: 06.03.2020 / Ламбекова Айгерим Нурлановна. -А., 2019. -155с.

4. <https://auditors.kz/>

5. https://www.iaa-ru.ru/certification_and_teaching/

Бекпаева А.Ж., 1 курс (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ)

Ғылыми жетекші - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор Хишаева Ж.Т.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАР ЖҰМЫССЫЗДЫҒЫ

Қазіргі таңда жұмыссыздық қарапайым қоғам өміріне тән құбылыс. Яғни, жұмыссыздық экономикаға әсер беруші күрделі мәселе болып табылады. Бұл жастар арасындағы күрделі және өте өзекті мәселеге айналғаны рас. Жұмыссыздық тек материалдық түрде ғана емес, сонымен қатар психологиялық соққы болып келеді. Әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу және оны дамыту арқылы еліміздегі еңбек нарығында, айтып айтсақ, жаңа жұмыс орынын құру, жастарды жұмыспен қамтамасыз ету, әсіресе жастардың жұмыссыздық деңгейін төмендету арқылы, нақты бүгінгі күннің талабына орай, еңбек нарығын қалыптастыру қажет және осы жолмен шешуге болады. Өзіміз айтатындай, елеіміздің болашағы ол жастардың қолында. Бұл бүгінгі таңда жастар арасындағы жұмыссыздық мемлекеттің алдындағы күрделі мәселелердің бірі. Сондықтан, бұл зерттеу жұмысының мақсаты жұмыссыздықтың мәнін, оның негізгі түрлерін, сондай-ақ оның салдарын ашу және жұмыссыздық деңгейін төмендету шараларын ұсыну болып табылады. Жұмыссыздық деңгейі кедейлік деңгейін арттырып қана қоймай, психологиялық мәселе де болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан-2050" Стратегиясында және басқа да